

2023 жылдың қаңтар айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы 54,1 млрд. теңгеге 154,7 мың ақша аударымдары жіберілген. 2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 21,4%-ға және 8,1%-ға азайған. 2022 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда да ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 30,1% және 32,3%-ға азайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2023 жылдың қаңтар айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 8,4% және жалпы сомасының 9,1% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 91,6% және 90,9% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2023 жылдың қаңтар айында шетелге ААЖ арқылы 49,2 млрд. теңге сомаға 141,7 мың транзакция жіберілді. 2022 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 44,8% және 51,7%-ға азайды. 2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда жөнелтілген ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 5,5%-ға және 9,8%-ға азайған.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда келесі елдер: Түркия – 14,7 млрд. теңге (үлесі – 29,9%), Ресей – 13,1 млрд. теңге (жалпы сомадағы үлесі 26,6%), Өзбекстан – 8,2 млрд. теңге (үлесі – 16,7%), Грузия – 4,6 млрд. теңге (үлесі – 9,3%), сондай - ақ Қытай – 1,6 млрд. теңге (үлесі – 3,2%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	120,8	85,3%	37 222,1	75,7%
CONTACT	8,2	5,8%	5 948,0	12,1%
Вестерн Юнион	5,8	4,1%	4 012,0	8,2%
MONEYGRAM	1,5	1,1%	1 154,9	2,3%
ЮНИСТРИМ	2,8	1,9%	567,6	1,2%
Басқа ақша аудару жүйелері	2,6	1,8%	270,0	0,5%
Жалпы жиынтығы	141,7	100,0%	49 174,7	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Түркия	20,5	14,5%	14 697,3	29,9%
Ресей	62,6	44,2%	13 082,3	26,6%

Өзбекстан	32,5	22,9%	8 206,3	16,7%
Грузия	2,4	1,7%	4 556,8	9,3%
Қытай	1,1	0,7%	1 587,4	3,2%
Қырғызстан	6,7	4,7%	1 569,4	3,2%
Тәжікстан	8,3	5,9%	1 179,8	2,4%
Әзірбайжан	1,6	1,1%	952,0	1,9%
Корея Республикасы	0,6	0,4%	611,2	1,2%
Армения	0,4	0,3%	527,1	1,1%
Басқалары	5,0	3,5%	2 205,0	4,5%
Жалпы жиынтығы	141,7	100,0%	49 174,7	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 37,7%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 63,8%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 45,9% және 24,7%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2023 жылдың қаңтар айында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 27,6 млрд. теңге сомаға 92,2 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2022 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда алынған ақша аударымдарының саны 27,0%-ға, ал көлемі 36,0%-ға азайған. Өткен жылдың қаңтар айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 3,1%-ға және 41,0%-ға өскен.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 11,2 млрд. теңге (жалпы сомадағы үлесі 40,6%), Өзбекстан - 3,2 млрд. теңге (үлесі – 11,4%), Корея Республикасы – 2,9 млрд. теңге (үлесі – 10,4%), Америка Құрама Штаттары – 2,6 млрд. теңге (үлесі – 9,6%) және де Түркия 1,7 млрд. теңге (үлесі – 5,9%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	43,3	47,0%	14 485,6	52,5%
CONTACT	3,6	3,9%	1 485,6	5,4%
Вестерн Юнион	21,4	23,3%	5 604,2	20,3%
MONEYGRAM	10,1	11,0%	3 099,8	11,2%
ЮНИСТРИМ	10,5	11,4%	2 701,4	9,8%

Басқа ақша аудару жүйелері	3,2	3,5%	200,2	0,7%
Жалпы жиынтығы	92,2	100,0%	27 576,7	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	45,9	49,8%	11 207,0	40,6%
Өзбекстан	5,3	5,7%	3 153,7	11,4%
Корея Республикасы	5,1	5,6%	2 870,8	10,4%
Америка Құрама Штаттары	8,9	9,7%	2 634,0	9,6%
Түркия	4,4	4,7%	1 629,8	5,9%
Қырғызстан	2,3	2,5%	1 345,9	4,9%
Германия	8,0	8,7%	1 228,3	4,5%
Грузия	0,7	0,7%	369,3	1,3%
Израиль	0,9	1,0%	276,3	1,0%
Франция	0,7	0,8%	261,2	0,9%
Басқалары	9,9	10,7%	2 600,3	9,4%
Жалпы жиынтығы	92,2	100,0%	27 576,7	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 39,4% және жалпы сомасының 57,2%) және қазақстандық теңге (тиісінше 34,7% және 25,2%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР

Қазақстан аумағында 2023 жылдың қаңтар айында 4,9 млрд. теңге сомасына 13,0 мың транзакция жүргізілді. 2022 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 19,2%-ға, көлемі 7,5%-ға азайды. Өткен жылдың қаңтар айымен салыстырғанда Қазақстан аумағында ақша аударымдарының саны 72,2%-ға азайса, операциялар көлемі 12,5%-ға ұлғайған.


Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	0,9	6,6%	980,9	19,9%
CONTACT	0,002	0,02%	1,8	0,0%

Вестерн Юнион	0,02	0,1%	10,5	0,2%
ЮНИСТРИМ	0,01	0,1%	1,5	0,0%
Басқа ақша аудару жүйелері	12,1	93,1%	3 929,1	79,8%
Жалпы жиынтығы	13,0	100,0%	4 923,8	100,0%

Валюталар бойынша

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

